

## Қазақстанның жоғары оқу орындарын ранжирлеу әдістемесі

Қаланова Ш.М.

Жоғары оқу орындарының рейтингін жаппай ақпарат құралдарында жариялап отыру жоғары білім беру сапасын көтерудің бір тәсілі - ЖОО-ның сапасын салыстыруда нық орын алған қарапайым тетігі болып табылады. Бұл жағдайда ғылыми тұрғыдан негізделген және шынайы нәтижелер алуға мүмкіндік беретін рейтингті анықтаудың дәлелді әдіснамалары мен әдістемелерін пайдаланған дұрыс. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредиттеу орталығы 2006 жылдан бастап, екінші рет Қазақстанның жоғары оқу орындарын ранжирлеуді өткізіп отыр. Ұлттық аккредиттеу орталығының әдістемесі АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Польша, Ресей, Жапония және де басқа елдердегі жоғары білім беру сапасын бағалау және рейтингті құру саласындағы соңғы жетістіктері ескеріліп дайындалды.

Рейтингті анықтаудың мақсаты төмендегідей:

- шешімдер қабылдау үшін жұртшылыққа (талапкерлер мен олардың ата-аналарына, саясаткерлерге, қорларға, жұмыс берушілерге, халықаралық ұйымдарға) ақпарат беру;

- жоғары оқу орындарының бәсекелестігін дамытуға әсер ету;

- жоғары оқу орындарының ішінде сапаны қамтамасыз ету орталықтарын құруға және дамытуға ықпал ету.

Қазақстанның 160 азаматтық жоғары оқу орындарынан 2007 жылғы рейтингті анықтауға 90 білім ұйымы қатысты.

Ұлттық аккредиттеу орталығы ақпараттар жинау, жоғары оқу орындары берген мәліметтердің дұрыстығын тексеру және материалды өңдеу бойынша көп жұмыс істеді. Бұл орайда ЖОО-ның білім беру сапасын сипаттайтын сандық өлшемдер ғана емес, халықтың әр түрлі топтарымен жүргізілген әлеуметтік зерттеулер қолданылды.

Рейтинг құрылған ЖОО-ның жалпы қызметінің сапа көрсеткіштері өзара байланыссыз үш категориядан тұрады: *біріншіден*, студенттердің табыстары, оқытушылар құрамының жетістіктері, оқу және қаржы қорларының қамтамасыздандырылуынан құрылатын ЖОО-ның академиялық қорлары. *Екіншіден*, осы ЖОО-да оқитын және оқытатын студенттер мен оқытушылардың ЖОО-н іштен бағалауы; *үшіншіден*, ЖОО-н елдегі халықтың, орталық және аймақтық атқару органдарының, ірі, орта және шағын компаниялар өкілдерінің бағалауы. Осы категорияларға байланысты ҚР БҒМ Ұлттық аккредиттеу орталығы үш түрлі сауалнама дайындады: №1 сауалнама – әр ЖОО-ны 53 индикатор бойынша ақпараттық-статистикалық мәліметтер береді, №2 сауалнама – 10 сұрақ бойынша ЖОО-ның оқытушыларынан және студенттерінен сауалнама алынады, №3 сауалнама – ЖОО-ның түлектерінің даярлық деңгейін жұмыс берушілердің, халықтың, орталық атқару органдарының бағалауы. Теориялық тұрғыдан ЖОО-ның алатын балының интегралдық саны 1000 балға тең болады.

Бірінші сауалнама бойынша ЖОО-ның алуы мүмкін балының ең жоғарғы мәні 500 балл, екінші сауалнама бойынша – 200 балл және үшінші сауалнама бойынша – 300 балл болады.

№1 сауалнамаға есептеулер жүргізу үшін ЖОО-ны 53 позиция бойынша нақтылы мәліметтер беруі керек, осының негізінде 7 өлшем және 39 индикатор тұжырымдалды, олар 1-кестеде балдарымен және салмақ коэффициенттерімен бірге берілді. Олардың 1-өлшемі – бұл студенттер контингентінің сапалық құрамы (салмақ коэффициенттері 70 балл немесе 14% болып белгіленді); 2-өлшем – ПОҚ-тың сапалық құрамы (70 балл немесе 14%); 3-өлшем – ЖОО-ның ғылыми-зерттеу потенциалы (100 балл немесе 20%); 4-өлшем – қаржыландыру, оқытуға жіберілетін шығын (80 балл немесе 16%); 5-өлшем – студенттерді қабылдау жағдайы және оқу процесінің нәтижесі (110 балл немесе 22%); 6-өлшем – әлеуметтік-мәдени базасы (35 балл немесе 7%) және 7-өлшем – халықаралық ынтымақтастық деңгейі (35 балл немесе 7%). Осы сауалнама бойынша әрбір ЖОО-ның алатын балының ең жоғарғы мүмкін мәні 500 балға тең болады.

*1-кесте*

**№ 1 сауалнама бойынша рейтингті анықтау үшін қолданылатын өлшемдер және индикаторлар (ең жоғарғы балл 500 - 100%)**

<b>Өлшем</b>	<b>№1</b>	<b>Индикаторлар</b>	<b>Салмақ коэффициенттері, балл және % есебімен</b>
--------------	-----------	---------------------	---

Студенттердің сапалық құрамы (0-70 балл) (0-14%)	1.1.	Күндізгі бөлім студенттерінің студенттердің жалпы санына үлесі: $C_{ж.с.күнд.} / (C_{күнд.} + C_{сырт}) \times 100\% \times 70/30$ – бұл қатынас тиімді қатынас ретінде алынады, мұндағы 70 – бұл күндізгі бөлімде оқитын студенттердің саны, 30 – сырттан оқитын (қашықтықтан оқуды қоса) студенттердің саны	10/2
	1.2.	Мемлекеттік оқыту тапсырысы негізінде оқитын студенттердің студенттердің жалпы санына үлесі: $C_{грн.} / (C_{грн.} + C_{төлем}) \times 100\%$	25/5
	1.3.	Шетел студенттерінің күндізгі бөлім студенттеріне үлесі: $C_{шет.} / (C_{грн.} + C_{төлем}) \times 100\%$	10/2
	1.4.	Күндізгі бөлім магистранттары мен аспиранттарының күндізгі бөлім студенттерінің жалпы санына үлесі: $(C_{маг.} + C_{асп.}) / (C_{маг.} + C_{бак.}) \times 100\%$	15/3
	1.5.	ЖОО-нын масштабтау индексі: ЖОО-нын масштабы мына формуламен анықталады: $I = P/Рорт.$ , мұндағы P осы ЖОО-дағы студенттер контингентінің келтірілген саны; Рорт. ел бойынша бір оқу орнындағы студенттер контингентінің келтірілген орташа саны, ол былайша есептеледі: $Рорт. = \text{ел бойынша студенттер контингентінің келтірілген саны} / \text{ЖОО-нын саны}$	10/2
<b>Өлшем</b>	<b>№2</b>	<b>Индикаторлар</b>	<b>Салмақ коэффициенттері, балл және % есебімен</b>

<b>ПОҚ-тың сапалық құрамы</b> (0-70 балл) (0-14%)	2.1.	Ғылым докторлары мен кандидаттарының ПОҚ-тың штаттық санына үлесі: (Докт. + Канд.) / ПОҚ шт. × 100%	20/4
	2.2.	Грант алған оқытушылардың - жақсы оқытушылардың ПОҚ-тың штаттық санына үлесі: ЖО / ПОҚшт. × 100%	15/3
	2.3.	Мемлекеттік сыйлық алған оқытушылардың ПОҚ-тың штаттық жалпы санына үлесі: ПОҚмем.сыйл. / ПОҚшт. × 100%	15/3
	2.4.	Біліктілікті көтеру курстарынан өткен ПОҚ-тың үлесі: а) халықаралық деңгейде – 10 балл ә) республикалық деңгейде – 5 балл	15/3
	2.5.	Экономиканың түрлі салаларында қосымша жұмыс істейтін ПОҚ санындағы ғылым докторлары мен кандидаттардың үлесі	5/1
	<b>Өлшем</b>	<b>№3</b>	<b>Индикаторлар</b>
<b>ЖОО-ның ғылыми-зерттеу мүмкіндіктері</b> (0-100 балл) (0-20%)	3.1.	ҒЗЖ-ның бір штаттық оқытушыға сәйкес қаржыландырылу көлемі, теңгемен: <b>ФҒЗЖ. / ПОҚшт.</b>	10/2
	3.2.	Қазақстандағы соңғы екі жылдағы бір штаттық оқытушыға келетін ғылыми жарияламалар саны: <b>Жар.қаз./ ПОҚшт.</b>	10/2
	3.3.	Соңғы екі жылдағы бір штаттық оқытушыға келетін шетелдік ғылыми жарияламалар саны: <b>Жар.шетел / ПОҚшт.</b>	15/3
	3.4.	Диссертациялық кеңестер саны	15/3
	3.5.	Ғылыми мамандықтар саны	5/1
	3.6.	Соңғы екі жылдағы бір штаттық оқытушыға келетін басып шығарылған оқу құралдары мен монографиялар, патенттер мен авторлық куәліктер саны: <b>Жар. шық. / ПОҚшт.</b>	15/3
	3.7.	«Казына» Ұлттық инновациялық фондтың» технологиялық бизнес-инкубаторлар құру үшін өткізген «Start-up Kazakhstan» конкурсының жеңімпазы	15/3
	3.8.	ЖОО қатысқан халықаралық деңгейдегі бағдарламалар саны	10/2
	3.9.	ЖОО қатысқан ғылыми ұлттық және аймақтық бағдарламалар саны	5/1
	<b>Өлшем</b>	<b>№4</b>	<b>Индикаторлар</b>

			<b>балл және % есебімен</b>
<b>Қаржыландыру, оқыту шығыны және негізгі фондтар</b> (0-80 балл) (0-16%)	4.1.	Оқу-лабораториялық бөлмелердің бір студентке келетін көлемі, кв.м	10/2
	4.2.	Студенттердің келтірілген контингентінің бір компьютерге үлесі: <b>Ст.конт. / Nкомп.</b>	10/2
	4.3.	Оқыту порталының, веб-сайттың үш тілде болуы	20/4
	4.4.	1990 жылдан бергі оқулықтар, оқу құралдары сандарымен өлшенетін бір студентке келетін кітапхана қоры	10/2
	4.5.	2006 жылы жазылған қазақстандық журналдардың атаулары және әр 10 ПОҚ-қа келетін саны	5/1
	4.6.	2006 жылы жазылған шетелдік, оның ішінде ресейлік журналдардың атаулары және әр 10 ПОҚ-қа келетін саны	10/2
	4.7.	Келтірілген бір студент контингентіне келетін оқу процесіне арналған шығындардың үлесі (республикалық инновациялық конкурстарды есептемегенде): <b>Ш = Фжалпы / Ст.конт.</b>	15/3
<b>Өлшем</b>	<b>№5</b>	<b>Индикаторлар</b>	<b>Салмақ коэффициенттері, балл және % есебімен</b>

Студенттерді таңдау және оқу процесінің нәтижелері (0-110 балл) (0-22%)	5.1.	2004-2005 оқу жылында қабылданған талапкерлердің жиынды тестілеу нәтижелерінің орташа балы	5/1
	5.2.	2004-2005 оқу жылында қабылданған талапкерлердің ҰБТ нәтижелерінің орташа балы	10/2
	5.3.	2006-2007 оқу жылында қабылданған талапкерлердің ҰБТ нәтижелерінің орташа балы	10/2
	5.4.	Мемлекеттік аралық бақылаудың нәтижесі	25/5
	5.4.1	2005-2006 оқу жылындағы МАБ нәтижелерінің орташа балы	15/3
	5.4.2	МАБ тапсырған студенттер масштабының есебі: $X = N_i / \text{Норт.}$ , мұндағы X - МАБ тапсырған студенттер масштабының есебі; $N_i$ - МАБ тапсырған бір ЖОО-ны студенттерінің саны; Норт. – ел бойынша МАБ тапсырған студенттердің әр ЖОО-на келетін орташа саны	10/2
	5.5.	2005-2006 оқу жылындағы бірінші реттен МАБ тапсырған студенттердің үлесі	20/4
	5.6.	2 жылдағы студенттер білімінің өсімшесі: $\Theta = 5.4 - (5.1 + 5.3) / 2$	20/4
	5.7.	Студенттер санының бакалавриат бағдарламаларының санына қатынасы	10/2
5.8.	Студенттер санының магистрлік (мамандықтар) бағдарламалардың санына қатынасы	10/2	
<b>Өлшем</b>	<b>№6</b>	<b>Индикаторлар</b>	<b>Салмақ коэффициенттері, балл және % есебімен</b>

<b>Әлеуметтік-саяси базасы</b> (35 балл)	6.1.	Қалалық емес бір студентке келетін жатақхана көлемі, кв.м: <b>S = Sжалпы/ Сқ.емес</b>	10
	6.2.	Студенттердің мәдени дамуы мүмкіндігі: ЖЖО–да студенттер бірлестіктерінің, хорлардың, театрлардың, спорттық командалардың және басқа студенттік ұйымдардың (оның ішінде ұлттық және халықаралық деңгейлердегі интеллектуалдық жарыстардың, тапқырлық ойындардың) саны	10
	6.3.	Дәрігерлік пунктердің, спорт залдарының, профилакторийлардың, демалыс зоналарының болуы = сауықтыру пунктерінің жалпы саны / күндізгі бөлім студенттері контингенті	5
	6.4.	2005-2006 және 2006-2007 оқу жылдарында «Жасыл ел», ССО және басқа іс–шараларға студенттердің қатынасу үлесі (пайыз есебімен) = қоғамдық іс–шараларға қатысқан студенттер саны / күндізгі бөлім студенттері контингенті	10
<b>Өлшем</b>	<b>№7</b>	<b>Индикаторлар</b>	<b>Салмақ коэффициенттері, балл және % есебімен</b>
<b>Халықаралық ынтымақтастық деңгейі</b> (0-35 балл) (0-7%)	7.1.	Шетелдік ЖОО-мен ынтымақтастық: 2005-2006 және 2006-2007 оқу жылдарындағы күндізгі бөлімнің бір студентіне келетін халықаралық алмасулар саны (бакалавриат, магистратура, аспирантура) = 2 жылдағы халықаралық алмасулардың жалпы саны / күндізгі бөлім студенттері контингенті	15/3
	7.2.	2005-2006 және 2006-2007 оқу жылдарындағы бір оқытушыға келетін халықаралық алмасулар, іссапарлар саны = 2 жылдағы ПОҚ-тың іссапарлары саны / ПОҚ-тың штаттық құрамы	15/3
	7.3.	Шетелдік ЖОО-мен бірлесіп жүргізілетін бағдарламалар саны	5/1

Балдардың жеке индикаторлар бойынша бөлінуі ҚР БҒМ-нің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің, Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің, Кегок, Қазақстан Темір жолы, Қазмұнайгаз ұлттық компанияларының, «Қазкосмос»

АҚ-ның, сондай-ақ Қазақстан ЖОО-ның жеке өкілдерінің қатысуымен өткізілген сараптама комиссиясының отрысында мұқият қарастырылды және бекітілді. 2006 жылмен салыстырғанда әдістемеге аздаған өзгертулер енгізілді:

1) есептеулер тізімдігі барлық ЖОО-ы бойынша жүргізілді, яғни индикатор бойынша ең жоғары мәнге ие болған бір ЖОО-на ең жоғары балл беріледі. Ал, 2006 жылдағыдай әрбір бағыт үшін есептеулер жеке жүргізіледі, сондықтан әр түрлі категориядағы ЖОО-ын өзара салыстыру мүмкін болмады;

2) бірінші сауалнамаға қосымша индикатор – масштабтау индексі енгізілді;

3) «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ-ы өткізген конкурстың нәтижесін ескеретін қосымша индикатор енгізілді.

Рейтинг өткізу әдістемесін ЮНЕСКО-ның Еуропаның жоғары білім беру орталығының директоры, доктор Ян Садлак қолдады, әдістеме туралы ЮНЕСКО-ның Еуропаның жоғары білім беру орталығы мен АҚШ-тың Жоғары білім беру институтының 2007 жылы қарашаның соңында Шанхайда құрған Халықаралық рейтинг бойынша сарапшылар тобының отрысында баяндалады. ҚР БҒМ-нің ҰАО-ы Халықаралық сарапшылар тобының жұмысына қатысуға шақыру алып отыр.

№1 сауалнама бойынша алынған мәліметтердің дұрыстығын ҰАО-ның сарапшылары оқу орнына барып тексерді. ҰАО-ның сарапшылары Қазақстанның барлық аймақтарына барды: Алматы, Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Орал, Көкшетау, Петропавл, Семей, Өскемен, Павлодар, Екібастұз, Тараз, Талдықорған, Шымкент, Түркістан, Жетісай.

ҰАО-ның сарапшыларының және Сараптамалық кеңес өкілдерінің пікірлері бойынша ЖОО-ның сапасы туралы терең көзқарасты ЖОО-да тікелей жұмыс істейтін адамдар ғана айта алады, сондықтан студенттер мен оқытушылардың сауалнамаларға берген жауаптары өте маңызды болды. №2 сауалнамаға Қазақстан Республикасы ЖОО-ның 7000 жуық студенттері мен оқытушылары жауап берді. Студенттермен сауалнаманы Қазақстанның Студенттер альянсы өткізді. Оқытушыларды сауалнамалауды ҰАО-ның сарапшылары ЖОО-на барып жүргізді.

Сауалнамаланушылар өздері қызмет атқаратын немесе оқитын ЖОО-ның тартымдылығы және ондағы оқытудың нәтижелері туралы өз пікірлерін айтуы тиіс еді. Сауалнамаланушыларға мынадай сұрақтар берілді: «Сіздің ЖОО-дағы зертханалардың жабдықталу деңгейі қандай?», «Оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуі қандай?», «Оқу процесінің компьютермен жабдықталуы және Интернетке қолжетімдігі қандай?», «Емтихан сессиялары кезінде парақорлық байқала ма?» және басқалары. Осындай сұрақтарға берілген жауаптар қазіргі студенттер үшін ЖОО-ның техникалық тұрғыдан жабдықталуының, арнайы зертханалардың, әдебиеттер мен оқу залдарының, компьютерлердің, қолжетімді Интернеттің жеткілікті болуының маңызды екенін көрсетті.

Бұл сауалнама 10 сұрақтан құрастырылған. Әр сұрақтың жауабы 0 ден 10 балға дейін бағаланады. Бұдан сауалнаманың әр категориясының ең жоғарғы балы 100-ге тең, ал жалпы қосынды балының 200-ге тең болатынын көреміз.

ҚР БҒМ ҰАО-ы 2007 жылдың 5 маусымында Қазақстан Республикасының барлық министрліктеріне және ведомстволарына (оның ішінде Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Жоғары Соты) хат жіберіп, Қазақстан жоғары оқу орындарының рейтингін құруда Министрліктер өкілдерінің көзқарастарын ескеру үшін № 3 сауалнама сұрақтарына жауап берулері сұралды. Сонымен қатар бұл сауалнама әр аймақ және Астана мен Алматы қалалары халқы арасында пропорционалды түрде таратылды. Сонымен қатар сауалнама берілген қалалардағы жергілікті атқару органдары мен заңды тұлғалардың саны ескерілді. Сондықтан №3 сауалнама осы қалаларға халық санына пропорционалды түрде 1,5 еселік коэффициенті негізінде таратылды. Қазақстан Жоғары оқу орындары түлектерінің даярлық деңгейін анықтауда өз ойларын білдірген азаматтардың барлығына ерекше алғыс білдіргіміз келеді.

Сауалнама әр түрлі жолдармен жүргізілді: сауалнаманы жергілікті атқару органдарына, әкімшіліктерге және Ұлттық компанияларға поштамен жіберу; ҚР БҒМ ҰАО-ы өкілдерінің компанияларға баруы және телефон арқылы сауалнамалау. Осының нәтижесінде №3 сауалнамаға жергілікті атқару органдарынан, атап айтқанда ҚР Білім және ғылым министрлігінен, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінен, ҚР Ішкі істер министрлігінен, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінен, ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінен, ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінен, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен, ҚР Қаржы министрлігінен, ҚР Әділет министрлігінен, ҚР Сыртқы істер министрлігінен, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінен және т.б., ҚР Бас Прокуратурасынан, ҚР Жоғары Сотынан, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінен, сондайы-ақ әкімшіліктерден, білім және ғылым жүйесінің қызметкерлерінен (ректорлар, проректорлар және сарапшылар) және еліміздің барлық аймағындағы ірі, орта компаниялардан, шағын бизнес өкілдерінен 4500-ден астам жауап алынды. 16 аймақтан тек 4 әкімшілік қана сауалнамаларға берілген жауаптарының нәтижелерін ұсынған жоқ.

№3 сауалнамада Қазақстанның 150 азаматтық ЖОО-ның тізімі берілген, онда әрбір ЖОО-ы түлектерінің өте жоғары даярлық деңгейі үшін 10 балл алса, жоғары дайындық деңгейі үшін -7 балл, жеткілікті дайындық деңгейі үшін – 4 балл, қанағаттанарлық емес дайындық деңгейіне - 3 балл алады. Сауалнамаға жауап беруші әр адам өзі қалаған ЖОО-ы түлектерінің дайындық деңгейін бағалай алады. Сондықтан әр ЖОО-ның жалпы балы барлық сауалнамада белгіленген балдар негізінде шығарылды.

Берілген сауалнама бойынша ең жоғары балл 300-ге тең болды. Бұл ең жоғары балл жинаған бір ЖОО-на ғана беріледі. Ал, қалған ЖОО-ы өз балдарын осы университет көрсеткіштерінің мәні мен осы көрсеткіштің ең жоғары мәні арасындағы қатынаспен есептелетін коэффициентке сәйкес анықтайды. Мысалы, А ЖОО-ы сауалнама нәтижесі бойынша 10180 балға

тең ең жоғары балл алса, онда оған 300 балл беріледі. Егер басқа **В** ЖОО-ны осы көрсеткіш бойынша 2700 балл алса, онда ол  $(2700/10180)*300=79,57$  балға ие болады. Барлық сауалнамалардың нәтижелерін өңдеу оптикалық сканер арқылы компьютермен жүргізілді.

Үш сауалнаманың нәтижелері қосылып, ЖОО-ның әр тобы үшін сәйкес рейтингтік орны анықталатын интегралды қосынды табылады. Егер интегралдық мәннің нәтижесі 3% шамасында болса, онда ЖОО-на бір орын берілді.

Мақаланың соңында Халықаралық сарапшылар тобымен тұжырымдалған «Жоғары оқу орындарын ранжирлеудің Берлиндік принциптері» (Берлин, мамыр, 2006 жыл) қағидаларын келтірейік:

- рейтингтер «жоғары білім беруді оқудың басында бағалаудың, ішкі ағымдағы процестерді тексерудің, сондай-ақ жоғары білім беруді оқытудың соңында бағалаудың әр түрлі тәсілдерінің бірі» болуы керек;

- рейтингтер жоғары білім беруді салыстырмалы ақпаратпен және жете түсінуді қамтамасыз ете алады, бірақ та олар бағалаудың басты әдісіне айналмауы тиіс.

Алайда, рейтингтер салыстырмалы ақпараттарды беріп, жоғары оқу орындарының білім беру сапасын көтерудің мықты құралы бола алады, бірақ та олар бағалаудың басты әдісі бола алмайды, өйткені халықаралық стандарттарға сай келетін ЖОО-н аккредиттеу процесі ЖОО-ның қызметін бағалаудың негізгі рәсімдері болып саналады.

*Каланова Шолпан Муртаза кызы – Ултық аккредитеу орталығын директоры,  
профессор – тел. 97-99-44, моб.87012220712*